

**Жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы үлгілік шартты бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 ақпандағы № 197 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 маусымдағы № 475 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.06.2015 № 475 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ**

«Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының 5-3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы үлгілік шарт бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі* **Қазақстан Республикасының**  
*С. Ахметов*  
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 2 8 а қ п а н д а ғ ы  
№ 1 9 7 қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

**Жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы үлгілік шарт**

20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

-----  
(шарттың жасалған орны)

бұдан әрі жеткізуші деп аталатын электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті ұсынатын \_\_\_\_\_ атынан  
(энергия өндіруші ұйымның атауы) \_\_\_\_\_ негізінде

әрекет ететін \_\_\_\_\_  
( л а у а з ы м ы , Т . А . Ә . )

бір тараптан және бұдан әрі жүйелік оператор деп аталатын \_\_\_\_\_ атынан

(ұйымның атауы, мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, берілген күні және орны)  
және \_\_\_\_\_, сондай-ақ Қазақстан Республикасының \_\_\_\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ қаулысы негізінде әрекет ететін

( л а у а з ы м ы , Т . А . Ә . )

екінші тараптан, жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың құрылысына арналған тендер нәтижелері бойынша уәкілетті органның \_\_\_\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ бұйрығына сәйкес төмендегі туралы осы шартты (бұдан әрі - шарт) жасасты:

1. Осы шартта мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) есептік кезең - электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің есебі жүргізілетін күнтізбелік бір айға тең айдың бірінші күнінің 00-00 сағатынан соңғы күнінің 24-00 сағатына дейінгі уақыт аралығы (орташа е в р о п а л ы қ у а қ ы т ы м е н ) ;

2) электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызмет - энергия өндіруші ұйымдардың белгіленген тәртіппен аттестатталған генерациялайтын қондырғылардың электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін ұстап тұру бойынша жүйелік операторға көрсететін қызметі;

3) құзыретті орган - табиғи монополия қызметтеріне тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) мемлекеттік реттеуді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік орган;

4) уәкілетті орган - электр энергетикасы саласында басшылықты жүзеге а с ы р а т ы н м е м л е к е т т і к о р г а н ;

5) жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығы (бұдан әрі - ЖО ҰДО ) - Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикасы жүйесінде электр энергиясын және қуатын өндіру, беру және тұтыну режимдерін орталық оралымды-диспетчерлік басқару функцияларын жүзеге асыратын жүйелік

оператордың құрылымдық бөлімшесі.

Осы шартта пайдаланылатын басқа ұғымдар мен анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

## 1. Шарттың мәні

2. Осы шарттың 9-тармағына сәйкес жеткізуші жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді (бұдан әрі - көрсетілетін қызмет) ұсынуға, ал жүйелік оператор пайдалануға және төлем жүргізуге міндеттенеді.

3. Көрсетілетін қызметті сатып алуды жүйелік оператор жеткізушінің генерациялайтын қондырғыларды пайдалануға берген және аттестаттауды өткізген күнінен бастап жүзеге асырады.

4. Көрсетілетін қызметтің бағасын, көлемін және шарттың қолданылу мерзімін уәкілетті орган өткізілген жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың құрылысына арналған тендердің қорытындысы бойынша айқындайды.

## 2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

### 5. Жүйелік оператор:

1) өз қызметін Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асыруға;

2) келіспеушіліктерді көрсете отырып немесе оларсыз, тоқсанның соңғы күніндегі жағдай бойынша осы шарт бойынша өзара есептерді тексеру актісіне қ о л қ о ю ғ а ;

3) жеткізушіге қажетті технологиялық ақпаратты, беруші желілер мен қосалқы станциялардың сипаттамалары мен сызбаларын, шарттың талаптарын орындауға тікелей жауапты және жедел келіссөздер жүргізуге құқылы тұлғалардың тізімін жасауға міндетті.

### 6. Жүйелік оператордың құқықтары:

1) электр қуатының аттестатталған көлемінің шеңберінде (максималды және минималды) өндіруді арттыруға және/немесе төмендетуге команда беру;

2) осы шарттың 12-тармағында көзделген жағдайда есептеуде төмендетуші к о э ф ф и ц и е н т і н қ о л д а н у .

### 7. Жеткізуші:

1) өз қызметін Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асыруға;

2) ЖО ҰДО диспетчерінің электр қуатының аттестатталған көлемінің шеңберінде (максималды және минималды) өндіруді арттыру және/немесе

төмендету жөнінде берген командасын орындауға;

3) келіспеушіліктерді көрсете отырып немесе оларсыз, тоқсанның соңғы күніндегі жағдайы бойынша осы шарт бойынша өзара есептерді тексеру актісіне қол қоюға міндетті.

### 8. Жеткізушінің құқықтары:

1) жүйелік оператордан осы шарт бойынша өз міндеттерін орындауды талап ету.

## 3. Бағасы және есеп айырысу тәртібі

9. Көрсетілетін қызметке төлем жүргізуді көрсетілетін қызмет көлемін тексеру актісі негізінде жеткізуші төлемге қойылған шот-фактураны ұсынғаннан кейін уәкілетті орган айқындаған тарифке сәйкес жүйелік оператор жүргізеді.

10. Егер жүйелік оператор төлемге қойылған шоттың дұрыстығымен келіспесе, осы шотты алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде жеткізушіні хабардар етеді және жеткізушіге наразылығы баяндалған жазбаша арыз ұсынады. Бұл ретте, жүйелік оператор жоғарыда көрсетілген мерзімде шоттың келіспеушілік туындамаған бөлігіне төлем жүргізуге міндетті.

11. Шоттарға түзетулер енгізу қажет болған жағдайда, Тараптар келесі есеп айырысу кезеңіндегі шоттарға түзету енгізеді.

12. Күнтізбелік ай ішінде жалпы ұзақтығы 72 сағаттан асатын, шартта айқындалған көрсетілетін қызметтің көлемін төмендетуді туындатқан, генерациялайтын жабдықты апатты және жоспардан тыс жөндеулер кезінде, көрсетілетін қызметтің құнын есептеу кезінде мынадай формула бойынша есептелетін төмендетуші коэффициенті қолданылады:

$K_{\text{төм}} = (C_{\text{ай}} - C_{\text{АР}}) / C_{\text{ай}}$ , мұндағы

$K_{\text{төм}}$  - есепте қолданылатын төмендетуші коэффициенті;

$C_{\text{ай}}$  - есептік айдағы сағаттар саны;

$C_{\text{АР}}$  - апатты, жоспардан тыс жөндеу кезіндегі генерациялайтын жабдықтың тоқтап тұруының нақты саны.

13. Күнтізбелік ай ішінде жалпы ұзақтығы 72 сағаттан кем, шартта айқындалған көрсетілетін қызметтің көлемін төмендетуді туындатқан, генерациялайтын жабдықты апатты және жоспардан тыс жөндеулер кезінде, көрсетілетін қызметтің құнын есептеу кезінде төмендетуші коэффициенттер қолданылмайды.

14. Жеткізушіде экспортқа шығарылатын электр энергиясы жеткізілімдері болған жағдайда көрсетілетін қызметтің шарттық көлемі жабдықтың аттестаттау кезінде анықталған көлемінен тиісті генерациялайтын жабдықтың және экспортқа шығарылатын максималды қуатын жеке және (немесе) шаруашылық

қажеттіліктеріне тұтынатын қуат көлеміне азайту арқылы анықталған көрсетілетін қызметтің шекті көлеміне тең деп танылады.

#### **4. Көрсетілетін қызметті есепке алу**

15. Жеткізуші генерациялайтын жабдықтың электр энергиясын өндіруге әзірлігі жөніндегі барлық талаптарды орындаған жағдайда көрсетілетін қызметтің есептік мерзімдегі іс жүзіндегі көлемі Тараптардың көрсетілген қызмет актісіне есептік айдан кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмей қолы қойыла отырып, осы шарттың 6 және 12-тармақтарына сәйкес айқындалған көрсетілетін қызметтің шарттық көлеміне тең болып қабылданады.

16. Есептік кезең ішінде жүйелік оператор қабылдаған және төлем жүргізуге жатқызылған көрсетілетін қызмет көлемі есептік кезеңнен кейінгі айдың 5 (бес) жұмыс күні ішінде ЖО ҰДО-мен келісілген деректер негізінде жеткізуші ресімдейтін генерациялайтын қондырғылардың электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілген қызметтің іс жүзіндегі көлемін салыстырып тексеру актісімен (бұдан әрі - акт) расталады. Актіге жеткізушінің уәкілетті тұлғасының қолы қойылады, оның мөрімен куәландырылады және құжат түпнұсқасы пошта арқылы жіберіле отырып, факс арқылы жүйелік операторға жолданады. Ескертулер болмаған жағдайда жүйелік оператор келесі 2 (екі) жұмыс күні ішінде актіге қол қояды, мөрмен куәландырады және факс арқылы жеткізушіге жолдайды. Актінің түпнұсқасын алғаннан кейін Тапсырыс беруші актіге қол қояды, мөрмен куәландырады және пошта арқылы жолдайды.

17. Актіде өткізілген кезектен тыс аттестаттауларды, осы шарттың 12-тармағында көрсетілген коэффициентті ескере отырып, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілген қызметтің іс жүзіндегі көлемі көрсетілуі тиіс.

#### **5. Тараптардың жауапкершілігі**

18. Осы шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ж а у а п к е р ш і л і к т е б о л а д ы .

19. Шот бойынша төлем мерзімі келген кезде ол бойынша төлем жасамағаны үшін жеткізуші жүйелік оператордың төлем жүргізбеген сомаларына төлем мерзімі аяқталғаннан кейінгі келесі күннен бастап айыппұл есептеуге құқылы. Жеткізуші мерзімі өтіп кеткен сомалар бойынша жүйелік оператордың ақшалай міндеттемесін іс жүзінде орындамау күнінде Қазақстан Республикасы Ұлттық

Банкінің ресми қайта қаржыландыру ставкасын басшылыққа ала отырып, жүйелік оператордан әрбір кешіктірілген күн үшін, бірақ шарттың негізгі сомасынан аспайтын айыппұл төлеуді талап етуге құқылы.

## **6. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары**

20. Еңсерілмейтін күш жағдаяттары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес айқындалады.

21. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осындай еңсерілмес күш жағдаяттары, сондай-ақ осы жағдаяттардан туындаған салдарлар орын алған уақытқа тең мерзімге кейінге жылжытылады.

22. Тараптардың шарт бойынша міндеттерін толықтай немесе ішінара орындай алмау еңсерілмейтін күш жағдаяттарының басталуына байланысты алты айдан астам орын алатын болса, онда Тараптар шартты қайта қарастыруға немесе бұзуға құқылы болады.

## **7. Дауларды қарастыру**

23. Осы шарт мәнінен туындайтын барлық даулар немесе келіспеушіліктер тараптар арасында келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі.

24. Келісімге келе алмаған жағдайда шарт бойынша барлық даулар және келіспеушіліктер жауапкердің тұрғылықты жеріндегі соттарда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

## **8. Өзге ережелер мен шарттар**

25. Көрсетілетін қызметті сатып алу жөніндегі шарт жеткізушімен жеке тәртiппен жасалады.

26. Осы шартта қамтылған ақпарат құпия болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, ашылуға және/немесе үшінші тұлғаларға Тараптардың жазбаша келісімінсіз жариялауға жатпайды.

27. Осы шартқа енгізілген барлық өзгертулер, толықтырулар және қосымшалар олар жазбаша нысанда жасалып, екі Тараптың қолы қойылған жағдайда ғана жарамды болады және күшіне енеді.

28. Осы шарт Тараптардың әрбіреуіне бір-бір данадан екі данада жасалды. Екі данасының да заңды күші бірдей.

29. Осы шарт қол қойылған сәтінен бастап, ал төлем бөлігінде генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын аттестаттау актісіне қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_ дейін

ж а р а м д ы .

30. Осы шарт Тараптардың келісімі бойынша бұзу жөніндегі келісімге қол қою арқылы бұзылады.

### **Тараптардың мекенжайлары және деректемелері**

Жүйелік оператор

Жеткізуші

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

М.О.

М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК